



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

5. Юрист. Справочная система. base.zakon.kz
6. Хан В.В. Англосаксонская модель досудебного производства (на примере Англии и США). Дисс. ...к.ю.н. - Алматы,
7. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10-томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов: - Алматы: Жеті жарғы, 2004. («Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы). 1-том. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – 2004. – 632 б.
8. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалардың толық жинағы. Алматы: Ғылым, 1997. 2-том.
9. Раслин В.Л. Правообразующая роль органов судебной власти в РФ. Автореф. ... к.ю.н. - М., 2007
10. Правовая система США. 3-й выпуск. – М.: «Новая юстиция», – 1216 с.
11. Котов Б.А. Прокуратура и суды. – М.: ПРИОР,
12. Кучин М.В. Нормотворческая деятельность органов судебной власти в РФ и судебный прецедент // Право и политика, - 2000. - №5.
13. Бодров С.Ю. Судебный прецедент в системе источников российского права: Дисс. ... к.ю.н. – Ульяновск,
14. Наумов А.В. Судебный прецедент как источник уголовного права. Российская юстиция. 1994. №1.
15. Гук П.А. Судебный прецедент как источник права: Дисс. ...к.ю.н. – Саратов, 2003.
16. Загайнова С.К. Судебный прецедент. Проблемы правоприменения. - М.: Изд. Норма,
17. Соловьев В.Ю. Судебная практика в российской правовой системе: Автореф.

УДК 341.9

## **ЕУРОПАЛЫҚ МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ МҰРАГЕРЛІК ТУРАЛЫ 650/2012 РЕГЛАМЕНТІНІҢ РӨЛІ**

**Пернебек Гүлнұр Русланқызы**

[gunek04@mail.ru](mailto:gunek04@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Андатпа:** мақалада еуропалық мұрагерлік құқықтың қалыптасуы мен ерекшеліктері және онда туындайтын коллизиялық мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, еуропалық мұрагерлік құқықты реттеудегі Еуропалық Одақтың регламентінің рөлі айқындалады.

**Аннотация:** в статье рассматриваются вопросы становления и развития европейского национального права, а также рассматривается роль регламента ЕС о наследовании в решении споров о наследстве.

**Түйін сөз.** Еуропалық Одақ, Англия, Испания, коллизиялық нормалар, унификация, регламент.

**Ключевые слова.** Европейский Союз, Англия, Испания, коллизийные нормы, унификация, регламент.

Еуропада мұрагерлік құқық нормаларының қақтығыстары жиі болып тұрады. Бұл Еуропаны қозғаған әртүрлі көші-қон үрдістерімен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында орын алған Оңтүстік Еуропадан солтүстік Еуропаға болған көші-қон. Екіншіден, өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап жажанжырылған Еуропаға

Африка мен Азиядан болған көші-қон. Мурсия Университетінің халықаралық жеке құқық пәнінің оқытушысы Хавьер Карраскоса Гонсалестің пайымдауынша, әлемнің осы жақтарынан келген мигранттар өздерімен бірге Еуропаға жат, діни құқықты әкелді [1]. Шығыс Еуропадан Батыс Еуропаға болған еңбек миграциясы үшінші ағын болып табылады. Төртіншіден, ХХІ ғасырда еуропалық зеінеткерлек кәрілік шағын қолайлырақ климатта өткізу үшін жылы жаққа, мысалы, британдықтар - Испанияға, көшті. Бесіншіден, адамдар Еуропа ішінде іскерлік, отбасылық, мәдени мақсаттармен белсендірек жылжи бастады. Және, ақыр соңында, алтыншыдан, классикалық отбасылық салт себебібен болған өзгерулер мұрагерлік қарым-қатынастарға әсер етеді: «нуклеарлық отбасы» жалғыз мүмкін нұсқа болуын тоқтатты; отбасы өмірінде «таза старт» дағдылы іске айналды. Х.Карраскоса Гонсалес жаңа шынайылыққа «Ағымдық қоғамға қош келдіңіз!» деп түсіндірме жасайды [2].

Нәтижесінде, мұрагердің азаматтығы және тұрғылықты жері, мүліктің орналасқан жері және өсиетті жасау орындары сәйкес келмейтін жағдайлар, мұрагерлері әр түрлі мемлекеттердің азаматтары мен тұрғындары болып табылатын жағдайлар күнделікті болды. Қақтығыстар пайда болады, шетелдік сот шешімдерін және нотариалдық актілерін мойындау мен орындау мәселесі туындайды. Альфонсо Ибарра Борес, Пабло де Олавиде (Севилья) Университетінің халықаралық жеке құқық пәнінің профессоры жеткілікті типтік болған жағдайды былай суреттейді: испаниялық әйелге үйленген және Испанияның резиденттері болып табылатын балалары бар Ұлыбритания азаматы қайтыс болады; оның Испанияда жылжымайтын мүлігі бар, бірақ сол уақытта туған жерінде, ал кейде үшінші елдерде туыстары мен мүлкі бар [3].

Сонымен қатар, ағылшын мұрагерлік құқығы испандық мұрагерлік құқыққа қарағанда басқа қағидаларға негізделеді. Материалдық құқық пен коллизиялық құқық нормаларының арасында айырмашылықтар бар. Міндетті мұрагерлер үшін қор санаты бар ағылшын құқығында испан құқығына қарағанда өсиет еркіндігі кеңірек болып табылады. Ағылшын құқығында испан құқығына қарағанда мұраны қабылдау институты бар (мұрагерлік жиын алдымен мұраның сақталуын қадағалайтын, мұра қалдырушының қарыздарын төлейтін және осы төлемдерден кейін бірдеңе қалса, мұрагерлердің арасында бөлетін орындаушыға өтеді). Ағылшын құқығында арнайы институт бар - сенім қоры, оны бекіту арқылы мұраны заң бойынша мұрагерлерден айналып беруге болады.

Формалды талаптар да бар: Испанияда нотариалды өсиет өсиеттің негізгі түрі болып табылады, өсиеттердің орталықтандырылған тізілімі жүргізіледі; Ұлыбританияда өсиет банкте немесе адвокатта сақталады.

Екі елдің мұрагерлік саласындағы коллизиялық нормалары да бірдей емес. Ағылшын құқығына мұра қалдырушының тұлғасына емес, мүліктің орналасқан жеріне байлау, яғни «германдық нұсқа» тән (мұнда жылжымайтын мүліктің орналасқан жері және мүлік қалдырушының соңғы тұрған жері, оның жылжитын мүлігі қайда, қалай орналасқандығы туралы айтылып жатыр) Осылайша, жылжымайтын мүлікті мұралауға қатысты *lex rei sitae*, ал ал жылжитын мүлікті мұралауға қатысты *lex domicilii* қолданылады. Нәтижесінде, бір тұлғаның артынан мұралау әртүрлі мемлекет заңдарына бағынуы мүмкін. Испан құқығының коллизиялық нормалары, керісінше, мұра қалдырушының жеке мәртебесі романдық қағидасына негізделен, осылайша, мүлікті әртүрлі құзыреттер бойынша тарату өсиет ісінде бірнеше мемлекеттердің заңдарын қолдануға әкелмейді. Алайда мұндай коллизиялық норма барлық тартылған мемлекеттер өсиет ісінде бір мемлекеттің - мұра қалдырушының жеке мәртебесі - заңын қолдануды мойындаған кезде ғана тиімді болады. Ал егер мұрагерлік іс коллизиялық нормалары әртүрлі қағидаттарға негізделен мемлекеттермен байланысты болса қиыншылықтар болады [4].

Осындай мәселенің бөлігін 2012 жылғы 4 шілдедегі 650/2012 Еуропалық парламент пен Кеңес Регламентінің (ЕО) көмегімен шешуге болады. «Мұрагерлік мәселелері бойынша шешімдердің құзыреті, қолданылатын құқығы, мойындалуы және орындалуы, нотариалдық актілердің қабылдануы мен орындалуы туралы, сондай-ақ мұрагерлік туралы еуропалық куәлікті құру туралы.» Регламент негізінен өз күшіне 2012 жылдың 16 шілдесінде енсе де,

ол 2015 жылдың 17 тамызынан кейін қайтыс болған адамдардың артынан мұралану жағдайларына ғана қатысты болады. Регламент қатысушы мемлекеттердің материалдық мұрагерлік құқығын бірыңғайламайды және шетелдік элемент қатыспайтын құқық қатынастарын қозғамайды; ол бірыңғай коллизиялық нормаларды орнатқан. Регламентке сәйкес, мұра қалдырушы азаматы болып табылатын мемлекеттің құқығымен байланыстыру негізгі байланыстыру болады (егер мұра қалдырушы дәл осындай таңдау жасаса) [22-1-бап]. Екінші байлам - (егер мұра қалдырушы таңдау жасамаса) мұра қалдырушы қайтыс болған мемлекетінің құқығына байланыстыру [22-1-бап]. Екінші ережеден бірыңғай жағдай ретінде (егер істің барлық жағдайлары мұра қалдырушы қайтыс болған сәтінде басқа мемлекетпен тығыздық байланыста болғанын анық көрсетсе) мұрагерлік қатынастардың тығыздық байланыста болған мемлекеттің құқығына бағыну болуы мүмкін [22-2-бап]. Бір мұрагерлік істе бір мемлекеттің құқықтарын қолдану Регламенттің коллизиялық нормалары әрекеттерінің нәтижесі болуы тиіс [5].

Алайда Регламенттің 30-бабы халықаралық мұрагерленуде (егер қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасында тиісті нормалар болса) әлі де *lex rei sitae* байланыстырылуы қолданылуы мүмкін кейбір мүліктің түрлеріне қатысты бірыңғай жағдайларды белгілейді. Монреал университетінің нотариат кафедрасының оқытушысы және тәжірибелі нотариус Наиви Чикок Барреда бұл норманы классикалық коллизиялық нормаларға жатқызуға болмайды деп түсіндіреді, себебі оның қолданылуы ұлттық заңнамада мүліктің орналасу жері бойынша мұраландудың ерекше режимін орнататын арнайы нормамен, сондай-ақ ұлттық заңнаманың қатынастарда шетелдік элементтердің бар болуына қарамастан осы арнайы норманы қолдану ниетімен шартталған [6].

Н.Ч. Барреда ұлттық құқықтық тәртіпте ерекше мұрагерлік режимдердің орнатылуын заң шығарушының белгілі бір материалдық мүдделерді (экономикалық, қоғамдық, отбасылық) қорғау ұмтылысымен түсіндіреді. Бұл, әдетте, жылжымайтын мүліктің жеке түрлеріне - отбасылық кәсіпорындардың мүлкіне, ең алдымен, ауылшаруашылық, ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болған жағдайда мұраланатын ортақ жылжымайтын мүлікке, отбасылық үйлерге және мазарларға - қатысты болады [7].

Регламентте коллизиялық нормалардан басқа мұрагерлік істердің соттылығын анықтау ережелері қамтылған. 4 - бап жалпы ереже ретінде мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жері бойынша соттардың мұрагерлік істері бойынша құзыретін белгілейді. Соттылық жөніндегі нормалар істе қатысатын тұлғалар Еуропалық одақ мемлекеттерінің азаматтары болып табылатындығына қарамастан, Регламенттің нормаларын қолданудың нәтижесінде Еуропалық одақ мемлекетінің құқығы немесе үшінші мемлекеттің құқығы таңдалатынына қарамастан Регламенттің коллизиялық нормалары сияқты әрекет етеді. Бұл жағдайда Регламент *erga omnes* әрекет етеді.

Регламенттің үшінші құраушысы - нотариустардан шыққан өсиеттердің де, жария құжаттардың да Еуроодақ аясындағы «еркін қозғалысын» қамтамасыз ету. Мұрагерлік саладағы құжаттар мен шешімдерді мойындау ережелеріне келетін болсақ, сөз тек қатысушы мемлекеттерден болған құжаттар мен шешімдер туралы айтылып жатыр. Регламент мұралану жөнінде еуропалық куәлікті енгізуді қарастырады, ол мұрагерлердің өз құқықтарының рәсімделуін және жүзеге асырылуын жеңілдетіп, арзандату керек.

Х. Карраскоса Гонсалес Регламентте қолданылатын терминдердің біркелкі түсіндірілуі қажеттілігіне назар аударады; - себебі тек осындай жағдайда ғана Регламент барлық Еуроодақта бірдей қолданылатын болады. Регламенттің 3-бабында терминдердің анықтамасы («мұрагерлік», «мұрагерлік жөніндегі шарт», «бірлескен өсиет», «мүлікті қайтыс болғаннан кейін иелік ету», «нотариалдық акт» және кейбір басқалар) қамтылады, алайда бұл глоссарий толығырақ болуы мүмкін еді [8].

Испандық авторлар өздерінің мақалаларында өз мемлекеттері үшін регламенттің қабылдану салдарын сипаттайды. Шетелдік элементі бар мұрагерлік істердің соттылығы енді Испания сот билігінің Органикалық заңына сәйкес емес, Регламентке сәйкес анықталатын болады; құқықты таңдау Испанияның Азаматтық кодексі бойынша емес, Регламент бойынша

жүзеге асырылатын болады. Мұрагерлік саласындағы Регламентпен байланысты ЕО басқа мемлекеттерінде рәсімделген жария құжаттарды мойындау мен орындауға келетін болсақ, мұнда Регламент тек қана ішкі испандық заңнаманың алдында ғана емес, сондай-ақ Испания қатысатын конвенциялардың алдында да басымдыққа ие [9]. Регламенттің соттылық жөніндегі ережелері «tribunales»-қа - соттарға және басқа да құзыретті органдарға - қолданылады, демек олар испандық нотариустарға қатысты әрекет етпейді және олардың өкілеттіліктерін шектемейді [10].

Және, ақыр соңында, Регламент Ұлыбританияға, Ирландияға және Данияға қатысты емес екенін ескеру маңызды, себебі бұл елдер оған қатысудан бас тартты. Сондықтан бірыңғайландыру әлі бүкіл еуроодақты қамтыған жоқ, және мұрагерлік құқық қатынасында шетелдік элемент осы мемлекеттерінің бірімен байланысты болғанда «бір мұрагерлік іс - бір мұрагерлік мәртебе» ережесі орындалмайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1-2. Carrascosa González J. Reglamento sucesorio europeo y actividad notarial // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2014. - Vol. 6, N 1. – P. 5–44.

Карраскоса Гонсалес Х. Европейский Регламент о наследовании. 6-бет

3. Ybarra Bores A. La sucesión mortis causa de ciudadanos ingleses residentes en España: problemas y nuevas perspectivas // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2015. - Vol. 7, N 1. - P. 226-254. Ибарра Борес А. Наследование за британскими подданными, проживающими в Испании: Проблемы и новые перспективы. 228-бет

4. Ybarra Bores A. La sucesión mortis causa de ciudadanos ingleses residentes en España: problemas y nuevas perspectivas // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2015. - Vol. 7, N 1. - P. 226-254. Ибарра Борес А. Наследование за британскими подданными, проживающими в Испании: Проблемы и новые перспективы. 229-230-беттер

5. Ybarra Bores A. La sucesión mortis causa de ciudadanos ingleses residentes en España: problemas y nuevas perspectivas // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2015. - Vol. 7, N 1. - P. 226-254. Ибарра Борес А. Наследование за британскими подданными, проживающими в Испании: Проблемы и новые перспективы. 231-232 беттер

6. Barreda N.C. Reflexiones sobre los regímenes especiales en derecho internacional privado sucesorio según el Reglamento europeo 650/2012 de 4 de julio de 2012 // Cuadernos de derecho transnacional. – Madrid, 2014. – Vol. 6, N 1. – P. 121–146. Барреда Н.Ч. Размышления о специальных режимах наследования в международном частном праве в связи с принятием Регламента Европейского парламента и Совета (ЕС) 650/2012 4 июля 2012 г. 145-бет

7. Barreda N.C. Reflexiones sobre los regímenes especiales en derecho internacional privado sucesorio según el Reglamento europeo 650/2012 de 4 de julio de 2012 // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2014. – Vol. 6, N 1. -P. 121–146. Барреда Н.Ч. Размышления о специальных режимах наследования в международном частном праве в связи с принятием Регламента Европейского парламента и Совета (ЕС) 650/2012 4 июля 2012 г. 123-141 беттер.

8. Carrascosa González J. Reglamento sucesorio europeo y actividad notarial // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2014. -Vol. 6, N 1. - P. 5-44. Карраскоса Гонсалес Х. Европейский Регламент о наследовании и нотариальная деятельность. 10-бет

9. Ybarra Bores A. La sucesión mortis causa de ciudadanos ingleses residentes en España: problemas y nuevas perspectivas // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2015. - Vol. 7, N 1. – P. 226–254. Ибарра Борес А. Наследование за британскими подданными, проживающими в Испании: Проблемы и новые перспективы. 230-бет

10. Carrascosa González J. Reglamento sucesorio europeo y actividad notarial // Cuadernos de derecho transnacional. - Madrid, 2014. - Vol. 6, N 1.-P. 5-44. Карраскоса Гонсалес Х. Европейский Регламент о наследовании и нотариальная деятельность. 15-бет